



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

- Бизнесітегі өзара құқықтар мен міндеттерді мойындау әрбір азамат үшін өз ісін шет елде немесе өз елінде ашуға себепкер болды.
- Көп жағдайда ұлттық заңнамалардың орнына директивалар мен нормативті заңдар қолданылады. Бұл жағдай бизнесті бастау үдерісін жеңілдетеді.
- Ортақ нарық бизнес үшін өте пайдалы. Себебі, ол тауарларға қажетті сұраныспен қамтуға көмек береді және т.б.[10]

Жоғарыда келтірілген дәлелдемелерге қарай отырып, Ортақ нарықтың жалпы Еуроаймақ субъектарына ашқан мүмкіндіктерін сараптауға болады. Ортақ нарық тек таза экономикалық бірігу ғана емес. Ол өз азаматтарына екідайлы, яғни азаматтар ретінде және тұтынушы ретінде көптеген жаңа құқықтар мен бостандықтар беретін үлкен комплекс. Ортақ нарық азаматтарына мамандануға және жеке мүмкіндіктерге қол жеткізуге болатын құқықтар беруге қабілетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Михайлова Ю. Еврoзона как пространство экономической нестабильности. // Международная экономика, №8, 2012, б.27-34
7. 2.Лохманн Б. О некоторых причинах кризиса Европейского валютного союза. // Информ-аналитический журнал Analytic, №5, 2011, б.13-22
8. 3.Шенгенконвенциясының мазмұны. //
9. <http://eulaw.edu.ru/documents/legislation/schengen/schengenconv.htm>
10. 4.http://ec.europa.eu/internal_market/top_layer/historical_overview/docs/workingdoc_en.pdf
5. Анисимов Л., Катвицкая М. Долговой кризис еврозоны и новые экономические ориентиры России. // Международная экономика, №4, 2012, б.14-25
6. Иванов Н. Митровой кризис и рынок труда // Мировая экономика и международные отношения, 2011, №11, б.3-1
7. <http://www.finman.ru/articles/2001/1/577.html>
8. Селиванова В.А. Роль свободного передвижения капитала в создании общего рынка и достижения внутреннего рынка Европейского Союза // Сборник статей студентов и аспирантов Московской государственной юридической академии 2006 года. - М.: УНИ МПОА. - 2006
9. Гагарина Г.Ю., Громыко В.В., Округ З.М., Сагинова О.В. Экономика Европейского союза: - М.: Экономистъ, 2003.
10. Соколов В.В. Зона Евро: современный этап // Деньги и кредит, №8, 2011.

УДК 327.7:341.1

ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНДАҒЫ ТЕРРОРИЗМ, СЕПАРАТИЗМ ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИЗММЕН КҮРЕС

Қалым Жібек Ержанқызы

a_11_enu@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ахмет Ә.С.

Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен ұлттық тәуелсіздігін қорғау ғаламдық сипаттағы проблемалармен бетпе-бет келіп отыр. Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен ынтымақтастықты дамытуда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының қызметі маңызды, әрі өзекті екендігін кешегі және бүгінгі тарихи тәжірибе тарапынан дәлелденіп отыр. Шанхай форумы Орталық Азияның ғаламдық саяси процестегі бүкіл мүдделерін қорғауға бағытталған. Ресей, Қытай және

Қазақстан бастаған аймақтың басқа да елдерінің осы ұйым аясында өңірдегі терроризм, экстремизм және сепаратизм секілді зұлымдық күштеріне қарсы бірігіп күрес жүргізуі өте маңызды қадам. Шанхай ынтымақтастық ұйымы тек қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде ғана емес, сонымен бірге саяси, экономикалық, сауда, мәдени, ғылыми-техникалық салаларда көпжақты байланыстарды дамытуда зор жетістіктерге қол жеткізді. Сондықтан Орталық Азия елдері үшін Шанхай форумы аясында әртүрлі салалардағы ынтымақтастықты дамыту мен нығайту олардың ұлттық мүдделеріне жауап береді. Осыған орай Шанхай форум халықаралық қатынастармен әлемдік саяси процестегі жаңа ұжымдық күш ретінде бүгінгі халықаралық қауымдастық үшін Орталық Азия елдері үшін де өте маңызды болып қала бермек.

Халықаралық терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы тұру ШЫҰ-ның жүйелі элементі болып табылады. Қазіргі уақытта бұл қауіптерге кибертерроризм деген түрі қосылды. Ол тек халықаралық ұйымдарда ғана емес, сонымен қатар бөлек мемлекеттерде де қауіпін тудырды. Осыған байланысты мүше мемлекеттер арасында құқықтық база қалыптасты. Біріккен әскери оқулар ШЫҰ қауіпсіздік саласын күшейтудегі кульминациясы болды. Қазіргі таңда қимылдардың бұл бағыты ШЫҰ-ның өзекті мәселесі болып жалғасуда.

АҚШ-тың гегемониясын Ресей және Қытайдың сыртқы саясаты, экономикалық және әскери-техникалық күштің өсуі, Мәскеу және Бейжің стратегиялық әріптестігінің қалыптасуы толғандыруда. Сол себепті, АҚШ тек осы мемлекеттер территориясында ғана емес, сонымен қатар көршілес мемлекеттердің жерінде ішкі саясаттағы жағдайды дестабилизациялауды жүзеге асыруда. Нәтижесінде Украинада мемлекеттік ахуал тудырған кең көлемді бүлік болған. Сонымен қоса, Гонконгтағы студенттік толқулар («Зонтикер революциясы»), «Орталықты оккупациялау» қозғалысы) Батыс тек Ресейге ғана емес, Қытайға да қауіп төндіруде екенін көрсетті. Бұл оқиғалардың ең маңызды жандайы – Қиыр Шығыста болған «Араб революцияларына» (2003 жылы қарашадағы Грузияның «Раушандар революциясы», 2004 жылы желтоқсандағы Украинаның «тоқсары революциясы», 2005 жылы наурыздағы Қырғызстанның «қызғалдақтар революциясы») ұқсастығы болып табылады. Әрине, бұл революциялар Батыстың қаржылай көмегімен жүзеге асқан. Мысалы, Қырғызстандағы революцияға 52 млн доллар қаржы жұмсалған [1, 54 б.].

ШЫҰ мүшелеріне қауіп тудырудың жаңа қозғаушы күші Сириядағы азаматтық соғыс болып табылады. Ол әсіресе Орталық Азиядағы джихад идеясының дамуына әсер етті. «Исламское государство» атты террористік топтың құрамына Қазақстанның 250, Қырғызстанның 150, Тәжікстанның 200, Өзбекстанның 500, Түркменстанның 360 азаматтары енген. Бірақ та, Халықаралық кризистік топтың көрсеткіштері 2 мыңнан 4 мың адамға дейін белгілейді.

Орталық Азия азаматтары көбінесе 3 топ арасында қақтығысады – «Джебхат ан-Нусра», «Исламское государство», «Джейш аль-Мухаджирин валь-Ансар». Әр топқа белгілі этникалық критерийлер бойынша топпен кіреді. Мысалы, «Исламское государство» тобына өзбектің «Джамаат имама Бухари» және тәжік-өзбектік «Джамаат Сабири» топтары кіреді. Қазақстаннан екі белгілі террористік топ бар: «Казахский джамаат» және «Старый Туркестан». Сириядағы «Казахский джамаат» тобында 300 Қазақстан азаматтары, оның ішінде тең жартысы әйелдер мүшелік етеді.

Сириялық конфликттегі исламдық террористердің мобилизациясы басқа аумақтардағы конфликтерге қарағанда қарқынды түрде жүруде. Визасыз режим Сирияға әскер жіберуге қолайлы жағдай жасайды. Бұл режим Түркияның Орталық Азия және Ресеймен жасалған.

Кеңестік республикалардың басшылықтары өз азаматтарын Сирияға аттануына жол бермеуге тырысуда. Себебі, Ирак және Сириядағы әскери қимылдарда қатысқан азаматтардың елге оралуы өте үлкен қауіп тудырады. Радикалды бағыттанған азаматтар өз мемлекеттерінде джихадты тарату, уағыздауы мүмкін. Бұл қауіптердің бекер еместігін жасалған терактардан анық көруге болады. Осыған қатысты ШЫҰ-ның 2014 жылғы Бішкектегі қыркүйек саммитінде Сириядан келген «Союз исламского джихада» тобының әскерилермен ұстанғанын айтуға болады.

Сириядағы соғыс қимылдарына Орта Азиялық радикалдардың қатысуы жергілікті арнайы органдардың толыққанды жұмыс істемеуіне емес, сонымен қатар салафиттердің территориядағы қуатты негізінің болуы болып табылады. Кеңестік мемлекеттердің аумағында радикалдық топтар мен қозғалыстар қызмет етуде. Олар салафиттермен қатар күшейеді, әсіресе экстремизм мен терроризмнің ошағы Ауғанстанда өз күшін қуаттандыруда. Оларға «Исламское движение Узбекистана», «Джамаат Ансарулла», «Союз исламского джихада», «Джунт аль-Халифат», қазақстандық «Лашкар-е-Тайба Казахстан» және тағы басқаларын жатқызуға болады [2, 68-69 б.].

Қытай басшылары Синьцзян-Ұйғырлық автономдық аумақтағы шиеленісті Сириядағы соғыспен байланыстырады. Олардың ойынша, ұйғырлық экстремистер Сирияда әскери дайындық өтіп, кейін Қытайдың автономиялық аумағында бүлік және теракт жасайды. Соның нәтижесі 2014 жылы СУАР-дағы бірнеше терактан көрініс тапты: Үрімшіде мамыр айындағы сауда орталығында және сәуірдегі теміржол вокзалындағы жарылыстар, маусым айындағы Қашғарда болған бейбіт халыққа қарулы шабуыл. Бұл бүліктер Синьцзяндағы экстремистік жабық дайындықтардың жақсы деңгейдегі ұйымдасқанына дәлел.

Жоғарыда көрсетіген халықаралық терроризмнің тудырған үлкен қаупіне байланысты ШЫҰ-нда әскери құрылым қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Бішкекте өткен 2000 жылдың тамызында Орталық Азия мемлекеттері басшыларының кездесуінде Қазақстан, Өзбекстан және Қырғыстанның боевиктердің тықсыруына қарсы тұру әрекеттері жөнінде талпынысын қолдады және халықаралық терроризм құбылыстарына бірлескен қарсылықты ұйымдастыру жөнінде бірқатар ынтасын ұсынды. 2001 жылы қазан айында Бішкекте өткен Саммитте жергілікті коалициялық әскери топшаларын құру жөнінде шешім қабылданды. Мәні бойынша бұл шешім жергілікті қауіпсіздіктің жаңа жүйесінің фундаментін қалыптастырды.

Орта Азия және Қазақстан мемлекеттері үшін үлкен саяси маңыз, 2000 жылдың жазында Душанбеде өткен Шанхай форумының бес мемлекеттер басшыларының кездесуі барысында бірқатар шешімдер мен бекітілген аймақтағы экстремизм мен терроризммен біріккен күрес жүргізу ерлігін атап өту жөн. Бұл Шанхай форумының аймақтағы қауіпсіздікке төндіретін жаңа қауіппен күресудегі потенциалы пайдалануына жақсы негіз қалыптастырады.

2001 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру декларациясымен қатар ұйымның іргелі құжаттарының бірі болып табылатын терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрес туралы конвенцияға қол қойылды. 2002 жылы 7 маусымағы ШЫҰ-ның Жарғысы бойынша терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы іс-қимыл бірлестігі анықталды.

Осы саладағы ұйымның мүше мемлекеттерінің құзыретті органдары арасында ынтымақтастықты үйлестіру және нығайтуға бағытталған тұрақты орган – «үш зұлымдықпен» және лаңкестікпен қарсы тұру мақсатында Шанхай конвенциясына сәйкес ШЫҰ-ның Аймақтық – антитеррорлық құрылымы (RATS) құрылды. Штаб-пәтері Ташкентте 2004 жылдан бастап жұмыс істейді. ШЫҰ ААТҚ-ның негізгі міндеттері:

- ШЫҰ мүше мемлекеттер үшін терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- халықаралық террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымдардың, олардың құрылымы, жетекшілері мен қатысушылары және оларға қатысты басқа адамдардың, сондай-ақ қаржыландыру көздері мен арналарын қалыптастыру;

- терроризмге қарсы командалық-штабтық оқу-жаттығулар мен тактикалық дайындау және өткізу бойынша көмек көрсету.

Өткен жылдар ішінде келісімдер мен құжаттарға қол қойылып, ШЫҰ ААТҚ-ның қызметі үшін берік негіз құрылды:

- терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ынтымақтастық тұжырымдамасы;

- 2010-2012 жылдарға арналған терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес саласындағы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ынтымақтастық бағдарламасы;

-ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің терроризмге қарсы құрылымдары үшін кадрлар даярлау туралы келісім.

«Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері – жаңа онжылдық» атты ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында терроризммен күрес туралы, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған. Ол бойынша терроризмге қарсы күресте Қазақстан келесі принциптерге негізделеді:

-террористік актілердің қаупіндегі азаматтардың өмірі, денсаулығы және құқықтарының қорғалуының басымдығы;

-заңдылық;

-терроризмді алдын алу басымдығы;

-террористік әрекеті үшін қайтымсыз жазалау;

-профилактикалық, құқықтық, саяси, ақпараттық-экономикалық, насихаттық іс-шаралар қолдану.

Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы күрес келесі мақсаттарда жүзеге асырылады:

-терроризмді алдын алу, анықтау, жолын кесу, зардаптарын жою үшін;

-жеке тұлғалар, қоғам және мемлекетті қорғау [3].

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан терроризмге қарсы күрестегі белсенді мүшесі болып табылады. Сонымен қатар терроризмге қарсы қабылданған шараларды белсенді жүзеге асырады. Солайша, Қазақстанда 2002 жылы Алматыда «Оңтүстік-антитеррор-2002» тактикалық оқу жаттығулары өткен болатын. Атырауда 2002 жылдың маусымында «Дабыл» әуе терроризміне қарсы ауқымды жаттығулар, тамыз айында Қапшағай қаласында бірлескен қазақстандық-американдық «Баланс-Барс» жаттығулары өткізілді. Сонымен қатар Маңғыстау облысында Ресеймен біріккен «Теңіз-2002» жаттығулары болды. 2010 жылы Жамбыл облысында «Бейбіт миссия-2010» әскери жаттығулар өтті.

Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы тұрудағы ұсыныстары:

-кедендік бақылауды күшейту;

-террористік актілерге қатысу мүмкіндігі жоғары жіне күдікті азаматтарды тексеру;

-террористік қауіпке қарсы тұру мақсатта біріккен операцияларды жүзеге асыру;

-террористік актілерге қарсы белсенді механизмдер құру;

-террористік ұйымар жайлы толыққанды ақпарат жинау және әрдайым оларды бақылау;

-террористік ұйымдар жайлы ақпараттарды мемлекеттер арасында тез арада хабардар ету [4].

Қорытындылай келе Шанхай ынтымақтастық ұйымының Қазақстанға тигізер пайдасы едәуір екендігін айта кету тиіс. Қазақстан өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен бері іс жүзінде барлық халықаралық және аймақтық деңгейдегі әртүрлі ұйымдарға мүше болды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының рөлі зор. Бұл ұйымның үлкен болашағы бар. Халықаралық терроризммен ғаламдық деңгейде күресу жағдайында тұрған әлемдік қауымдастық бірте-бірте ұлы державалар арасындағы қатынастардың шиеленісуінің жаңа арнасына тартылуда. Мұндай жағдайда мүшелері Ресей мен Қытай, Орталық Азия елдері саналатын Шанхай ынтымақтастық ұйымы тәрізді халықаралық және аймақтық деңгейдегі ұйымның маңызы мен өзектілігі бірден арта түседі. Бұл ұйымға Азияның басқа да мемлекеттері де мүше болуға аса ынта білдіруде. Қазіргі шанхай ынтымақтастық ұйымының беделі арта берген жағдайда бұл ұйымға мүше болуға ынталы мемлекеттердің саны арта беруі анық.

Сонымен қатар, ШЫҰ бойынша әріптес елдермен тең дәрежедегі диалогқа сындарлы және мақсатты қатысуы Қазақстанның өңірдегі ұстанымын күшейтеді, мүмкіншіліктерін арттырады. Ұйымның шеңберіндегі қағидаттар мүше мемлекеттер арасында өзара сенім мен түсініктің арта түсуіне көмектеседі. ШЫҰ-ның екі жетекші елдері- Ресей мен Қытайдың арасында орналасқан Қазақстан ұйымның жетекші буыны ретінде қалыптасты. Шанхай

ынтымақтастық ұйымы арқылы Қазақстан хадықаралық аренадағы өзінің ықпалын көтеріп, әлемдік держава елдерімен мықты дипломатиялық қарым-қатынасты орнатуы, аймақтағы мәселелерге араласып және өңірдегі мемлекеттермен одан әрі даму стратегиясын бірлесіп шешуі болып табылады.

Қазіргі таңдағы бүкіл әлемді толғандыратын терроризм, экстремизм және сепаратизм мәселесі өзекті болуда. Әр мемлекеттің басты мақсаты ол елді жаудан қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай Шанхай ынтымақтастық ұйымы оған кіретін мүше мемлекеттердің қауіпсіздігін және ынтымақтастығын алдыңғы қатарға қойған ұйым болып табылады. Қазақстан Республикасының осы ұйымға мүше болуы оның қауіпсіздігін және өзге мемлекеттермен қарым – қатынасының нығаюының жоғарғы деңгейін көрсетеді.

Қазақстан үшін Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысудың маңызы орасан. Қазақстан ШЫҰ-ға үлкен маңыз береді әрі өзінің ұйымның қалыптасуын ұйымдастыруға қатысуын басым міндет деп санайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ШОС и страны Ближнего и Среднего Востока. Ғылыми басылым М.Р.Арунова. Москва, 2011. – 230 с.
2. Комиссина И.Н. Размышления после саммита ШОС: новые реалии, новые перспективы//Проблемы национальной стратегии.–2016-№1(34).-с.68-70
3. Н.А. Назарбаев. Новое Послание народу Казахстана Новое десятилетие – новый экономический подъем - новые возможности Казахстана.«Казахстанская правда»,№ 21 (26082) от 30 января 2010.
4. <https://news.rambler.ru/world/32065178-spiker-senata-kazahstana-ozvuchil-predlozheniya-po-borbe-s-terrorizmom/?updated=news#welcome>

ӘОЖ327(5-15)

ӘЛЕМДІК САЯСАТТАҒЫ ТАЯУ ШЫҒЫС МӘСЕЛЕСІ

Қанатқалиев Бағдат Мұхитұлы

bagdat.kanatkaliev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ң 4-курс студенті, Астана,Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Букешова Г.К

Әлемдік қауымдастық XX және XXI ғасырлар тоғысында өзінің саяси дамуында сапалы жаңа сатыға аяқ басты. Биполярлық жүйенің құлауы және қарқынды дамыған аймақтық қақтығыстар санының артуы, жаһандану үрдісінің жеделдеуі тек "қырғи қабақ соғыстың" аяқталуын ғана емес, сонымен қатар жалпы барлық әлемдік тәртіптің трансформациялануын білдіреді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан кейін жер шарының "ыстық" нүктелерінің біріне айналған Таяу Шығыс аймағы өзінің геосаяси орналасуы, аймақтық экономикалық маңыздылығы, дүниежүзінің жетекші елдерінің аймаққа қатысты саяси ұстанымдары бойынша бүгінгі күні де аталған аймақты әлемдік саясаттағы маңызды ошақтардың біріне айналдырып отыр.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Таяу Шығыстағы жетекші державалардың саясаты аталған аймақтағы стратегиялық, саяси және экономикалық қызығушылықтарын қамтамасыз етуге бағытталды. Оның ең маңыздыларының бірі аймақтың ірі мұнай кен орындарына бақылау орнату болды және болып қала береді. Ірі мұнай-газ кен орындарына бақылау орнату аймақ экономикасының басқа да салаларына монополистік капиталдың енуі және бекітілуі үшін қажетті алғышарттар қалыптастырды.

Таяу Шығыс аймағы оны жер шарының басқа аймақтарынан бөліп көрсететін бірқатар ерекше белгілерге ие. Өзінің геосаяси орналасуы бойынша Таяу Шығыспен жер шарының